

**Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 452 "Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 350 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 7711 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 452 "Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6498 тіркелген, 2019 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қазақ тіліндегі тақырыбында "коэффициенттерін" сөзі "коэффициенттерін" сөзімен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі қаулының 1 тармағында "коэффициенттері" сөзі "коэффициенттері" сөзімен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мұғалжар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің жектекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мұғалжар ауданының әкімі*

*А. Шериязданов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Мұғалжар ауданы бойынша*

мемлекеттік кірістер басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ С. Мұқанов

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26  
қарашадағы № 350 қаулысына қосымша  
Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27  
қарашадағы № 452 қаулысына қосымша

## Мұғалжар ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| №                                | Салық салу объектісінің орналасқан жері | Аймаққа бөлу коэффициенті |
|----------------------------------|---|---------------------------|
| Мұғалжар ауданы                  |   |                           |
| 1                                | Қандыағаш қаласы                        | 1,74                      |
| 2                                | Ембі қаласы                             | 1,73                      |
| 3                                | Жем қаласы                              | 1,75                      |
| Ақкемер ауылдық округі           |   |                           |
| 4                                | Ақкемер ауылы                           | 1,9                       |
| 5                                | Елек ауылы                              | 1,65                      |
| 6                                | Көтібар батыр ауылы                     | 1,3                       |
| 7                                | Көктөбе ауылы                           | 0,95                      |
| 8                                | Жарық ауылы                             | 1,3                       |
| Ащысай ауылдық округі            |   |                           |
| 9                                | Ащысай ауылы                            | 1,4                       |
| 10                               | Ақсу ауылы                              | 1,2                       |
| 11                               | Сабындыкөл ауылы                        | 1,15                      |
| Батпақкөл ауылдық округі         |   |                           |
| 12                               | Жағабұлақ ауылы                         | 1,78                      |
| 13                               | Жаркемер ауылы                          | 1,15                      |
| 14                               | Қожасай ауылы                           | 1,26                      |
| 15                               | Саға ауылы                              | 1,77                      |
| Егіндібұлақ ауылдық округі       |   |                           |
| 16                               | Бұлақты ауылы                           | 1,55                      |
| 17                               | Миялыкөл ауылы                          | 0,95                      |
| Еңбек ауылдық округі             |   |                           |
| 18                               | Сағашилі ауылы                          | 1,91                      |
| 19                               | Басшилі ауылы                           | 1,55                      |
| 20                               | Тепсең - Қарабұлақ ауылы                | 0,18                      |
| 21                               | Темір бекеті                            | 1,45                      |
| Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округ |   |                           |
| 22                               | Қаракөл ауылы                           | 1,48                      |
| 23                               | Жаңатұрмыс ауылы                        | 1,33                      |

|                          |                      |      |
|--------------------------|----------------------|------|
| Жұрын ауылдық округі     |                      |      |
| 24                       | Жұрын ауылы          | 1,87 |
| 25                       | Көбелей ауылы        | 1,08 |
| 26                       | Көлденең Темір ауылы | 1,1  |
| 27                       | №53 разъезд          | 1    |
| Қайыңды ауылдық округі   |                      |      |
| 28                       | Қайыңды ауылы        | 1,76 |
| 29                       | Алтынды ауылы        | 1,57 |
| Құмжарған ауылдық округі |                      |      |
| 30                       | Бірлік ауылы         | 1,61 |
| 31                       | Құмжарған ауылы      | 1,23 |
| 32                       | Шеңгелші ауылы       | 1,43 |
| Құмсай ауылдық округі    |                      |      |
| 33                       | Құмсай ауылы         | 1,35 |
| Мұғалжар ауылы           |                      |      |
| 34                       | Мұғалжар ауылы       | 1,53 |
| Талдысай ауылдық округі  |                      |      |
| 35                       | Талдысай ауылы       | 1,84 |
| 36                       | Еңбек ауылы          | 1,5  |